

## **Акционерлер**

Компания қызметіне қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жыл сайынғы негізде өткізілетін немесе Директорлар кеңесіне шығарылған және қарастырылған мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте (қажет болған жағдайда) шақырылатын акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Компания акцияларының 51 %-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тиесілі. Қор ұлттық экономиканың бәсекеге

қабілеттілігі мен орнықтылығын арттыру және ел экономикасының өсуіне тәуекелдің сыртқы факторларын жұмсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы жарлығына және Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды.

Компания акцияларының 49 %-ы қару-жарақ, қауіпсіздік және аэроғарыш саласындағы, әуеде, құрлықта, теңізде және ғарышта пайдаланылатын жүйелерді әзірлеумен,

жеткізумен және қолдаумен айналысатын британдық BAE Systems PLC корпорациясының еншілес компаниясы – BAE Systems (Kazakhstan) Limited компаниясына тиесілі.

2018 жылы акционерлердің бес жалпы жиналысы, соның ішінде 2018 жылғы 31 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді.